

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕС БАСҚАРМАСЫ  
ШӘКІРТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ РЕГЛАМЕНТІ**

**БІРІНШІ БӨЛІМ**

**Мақсаты, қолдану аясы, негіздеме және қысқартылған сөздер**

**Мақсаты**

**1-бап.** (1) Осы регламенттің мақсаты, Түркияда ізденушілер мен студенттерге, ал, Қазақстанда Түркі республикалар мен қауымдастықтардан қабылданған студенттерге және Түркия тысында басқа бір елде бакалавриаттан кейінгі білім алатын Түркия студенттеріне шәкіртақы тағайындаудың негіздері мен тәсілдерін реттеу болып табылады.

**Қолдану аясы**

**2-бап.** (1) Осы регламент, бакалавриаттан кейінгі білім алу, кәсіби біліктілік арттыру немесе мамандық бойынша тәжірибе алмасу мақсатында Түркияға жолданған ізденушілер мен студенттерге, Қазақстандағы университетке Қазақстан және Түркия Республикаларынан тыс, түркі республикалар мен қауымдастықтарынан қабылданған студенттерге және Түркия тысында бакалавриаттан кейінгі білім алатын Түркия студенттеріне шәкіртақы тағайындаудың негіздері мен тәртібін, сондай-ақ, Өкілетті Кеңес Басқармасы мен университет ректоратының жауапкершіліктерін қамтиды.

**Негіздеме**

**3-бап:** (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5-ші бабы 1-ші тармақшасына сәйкес дайындалды.

**Қысқартылған сөздер**

**4-бап:** (1) Осы регламентте қолданылатын қысқартылған сөздер төмендегідей:

а) Шәкіртақы тағайындалған ізденуші: жоғары оқу орнынан кейін білім алу, медицинада мамандану, кәсіби біліктілік арттыру немесе тәжірибе алмасу мақсатында Түркияда білім алатын және университетте міндетті қызмет атқару жауапкершілігі бар тұлғаларды,

б) Шәкіртақы тағайындалған студент: түркі республикалар мен қауымдастықтар контингентінен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қабылданған немесе Түркиядағы университеттерде оқитын шәкіртақы тағайындалған, бірақ міндетті жұмыс істеу жауапкершілігі жоқ студенттер мен Түркия тысында басқа бір елде бакалавриаттан кейінгі білім алатын Түркия азаматы болған және міндетті жұмыс істеу жауапкершілігі бар студенттерді,

с) Қосымша мерзім: Студент жолданған оқу орнына тіркелген күнінен бастап, белгіленген оқу үдерісі мерзімінен асқан уақытты,



d) Институт: Түркияда жоғары оқу орнынан кейін білім беретін университеттер жанындағы институттарды,

e) Комиссия: Ректор өкілі төрағалығында шәкіртақы тағайындалатын үміткерлерді іріктеу мақсатында Ректорат тарапынан құрылатын емтихан комиссиясын,

f) Бакалавриаттан кейінгі оқу үшін шәкіртақы тағайындау комиссиясы: Шәкіртақы тағайындалған студенттерді іріктеу үшін Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан құрылған комиссиясын,

g) Өкілетті Кеңес Басқармасы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасын,

h) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Президентін,

i) Ректорат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректоратын

j) Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің I Вице-президентін,

k) ТЛ: Түрік лирасын,

l) ТТОО (ТӨМЕР): Түрік тілін оқыту орталығын,

m) МБЕ: Түркия Республикасының медицина саласында біліктілік арттыруға қабылдану емтиханын,

n) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мағынасын білдіреді.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### Бакалавриаттан кейінгі білім алу/ медицина саласында мамандану білімі/ кәсіби біліктілік пен тәжірибені арттыру шәкіртақысы

#### Шәкіртақы тағайындау шарттары

**5-бап.** (1) Университетке білікті оқытушы мамандарды даярлау мақсатында, оқу үдерісін өте жоғары көрсеткішпен аяқтаған түлектер арасынан, Түркияда білім алулары үшін Ректорат тарапынан іріктелген, тізімі Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан бекітілген және Түркиядағы қажетті шарттарды орындаған үміткерлерге бакалавриаттан кейінгі білім алу, медицина саласында мамандану, кәсіби біліктілік пен тәжірибені арттыру үдерісі бойынша Өкілетті Кеңес төрағасы, университет ректоры мен ректор өкілі тарапынан қол қойылатын келісімшарт негізінде Өкілетті Кеңес Басқармасы бюджетінен «бакалавриаттан кейінгі білім алу/ медицина саласында мамандану білімі/ кәсіби біліктілік пен тәжірибені арттыру шәкіртақысы» тағайындалады.

(2) Магистратура, докторантура, медицина саласында мамандану, кәсіби біліктілік пен тәжірибені арттыру шәкіртақылары, ең алдымен, ректорат пен Түркиядағы университеттер арасында қол қойылған ынтымақтастық хаттамалар шеңберінде жіберілетін үміткерлерге тағайындалады. Медицина саласында мамандану шәкіртақысы Түркия Республикасының медицина саласында біліктілік арттыруға қабылдану емтиханы (МБЕ) арқылы Түркиядағы медицина факультеттеріне қабылданған үміткерлерге беріледі. Үміткерлер, білім алуларын бастамай тұрып,

  

университет ректоратымен «міндетті қызмет атқару» келісімшартына қол қоюлары қажет.

(3) Осы мақсатта шәкіртақы тағайындалатын ізденушілермен 1-үлгідегі келісімшарт жасалады (1-қосымша).

(4) Университеттің қажеттілік туындаған салаларына білікті оқытушы мамандарды даярлау мақсатында кейінгі оқу жылы үшін Түркияға шәкіртақы тағайындала отырып жолданатын үміткерлердің мамандығы мен контингенті, ректор өкілі төрағалығында және құрамы ең кем үш тұлғадан тұратын комиссия тарапынан белгіленеді. Анықталған мамандықтар мен контингент жыл сайын мамыр айының соңына дейін Өкілетті Кеңес тарапынан бекітіледі.

(5) Шәкіртақы тағайындалатын үміткерлерге қойылатын талаптар:

a) Магистратура бағдарламасына, медицина саласында мамандану, кәсіби біліктілік пен тәжірибені арттыруға жолданатын үміткер, ең соңғы алған дипломдағы орташа үлгерім ұпайы кем дегенде 3,40/4,00 немесе 85/100 және одан жоғары ұпай жинаған болуы;

b) Докторантура бағдарламасына жолданатын үміткердің ең соңғы алған дипломдағы орташа үлгерім ұпайы кем дегенде 3,00/4,00 немесе 75/100 және одан да жоғары болуы;

c) Докторантура бағдарламасына жолданатын үміткердің кем дегенде 1 (бір) ғылыми мақаласының жарияланған болуы;

d) Университет тарапынан өткізілетін түрік тілі бойынша біліктілік емтиханынан табысты өткен болуы;

e) Тәртіптік шараға тартылмаған болуы;

f) Оқуына кедергі болмайтын ауыр науқасқа немесе жұқпалы ауруға шалдықпағанын растайтын денсаулығы туралы анықтамасының болуы;

g) Медицина саласында мамандануға жолданатын үміткер Түркия Республикасының медицина саласында біліктілік арттыруға қабылдану емтиханынан (МБЕ) табысты өтіп, Түркиядағы медицина факультетінің біріне қабылданған болуы,

h) Магистратура немесе докторантура бағдарламасында білім алуға үміткер магистратура және докторантура бағдарламасына сәйкес мамандық бойынша бакалавриат/магистратура бағдарламасын бітіруі,

ı) Магистратура бағдарламасында білім алуға үміткердің жасы 1 қаңтардан бастап 30-дан, докторантура бағдарламасында білім алуға үміткердің жасы 35-тен аспаған болуы қажет.

### **Шәкіртақы тағайындалатын тұлғалардың іріктелуі**

**6-бап.** (1) Университеттің ректор өкілі төрағалығында жұмыс жүргізетін комиссияның жазбаша және ауызша сынағынан сәтті өткен үміткерлердің құжаттары Ректорат тарапынан Өкілетті Кеңес Басқармасына бекітілуге жіберіледі. Өкілетті Кеңес Басқармасының бекітуімен іріктеу шаралары мәресіне жетеді.

### **Тапсырылуы тиіс құжаттар**

**7-бап.** (1) Іріктеуден өткен тұлғалардың Өкілетті Кеңес Басқармасына тапсырулары тиіс құжаттар тізімі төмендегідей:



a) Жоғары білім туралы диплом мен 100-дік немесе 4-тік ұпай жүйесі бойынша дайындалған академиялық үлгерімі туралы диплом қосымшасының түрік тіліне аударылған және нотариуста расталған үлгісі (2 дана),

b) Төлқұжаттың түрік тіліне аударылған және нотариуста расталған үлгісі (2 дана),

c) 6 дана фотосурет,

d) Түркия Елшілігінен алынған студенттік виза,

e) Түрік тілі біліктілік емтиханынан табысты өткені туралы анықтама,

f) Медицина саласында мамандануға жолданатын үміткерлердің МБЕ қорытындысы,

g) Оқуына кедергі болмайтынын, ауыр науқасқа немесе жұқпалы ауруға шалдықпағанын растайтын денсаулығы туралы анықтама,

h) Міндетті қызмет атқару туралы келісімшарт және нотариус тарапынан расталған кепілдік құжаты.

### **Шәкіртақы төлеу кезеңдері мен мерзімі**

**8-бап.** (1) Келісімшартқа қол қойған шәкіртақы тағайындалған ізденушілерге төменде көрсетілген кезең және мерзім аралықтарында шәкіртақы төленеді:

a) Түрік тілін оқыту орталығында (ТОО) түрік тілі курсын оқу кезеңі бойынша (ең көп бір жыл) шәкіртақы төленеді.

b) Үміткерге, тіркелген институт басшылығы мамандығы бойынша дайындық үдерісінен өтуі жөнінде талап қойған жағдайда, аталған дайындық үдерісі кезеңі бойынша (ең көп екі семестр) шәкіртақы төленеді. Бірінші семестр соңында бірден көп пәннен үлгерімі төмен болса, шәкіртақының беріліп берілмеуі жөнінде шешім қабылданады.

c) ЖОО-нан кейінгі білім беру үрдісі бойынша магистратура бағдарламасы үшін екі жыл мерзімге, докторантура бағдарламасы үшін төрт жыл мерзімге шәкіртақы төленеді. Денсаулық жағдайы сияқты дәлелді себептері негізінде оқуын уақтылы аяқтай алмаған немесе тіркелген институттан қосымша мерзім алған ізденушілердің өтініші және диссертациялық жұмысы жөніндегі есебі бойынша Өкілетті Кеңес Басқармасы мақұлдаған жағдайда, қосымша берілген уақыт бойынша магистратура бағдарламасындағы ізденушілер үшін ең көп бір жыл, докторантура бағдарламасындағы ізденушілер үшін ең көп 2 жыл осы регламенттің 9-бабының 1-тармағы (d) тармақшасына сәйкес шәкіртақы беріледі.

d) Медицина саласында кәсіби біліктілік арттыру мақсатында келген тұлғаларға, Түркия Республикасының медицина және тіс дәрігерлігі саласында біліктілік арттыру регламентінде көрсетілген тиісті саланың оқу мерзімі бойынша шәкіртақы төленеді.

e) Мамандық бойынша біліктілікті арттыру мен тәжірибе алмасу мақсатында келген тұлғаларға ең көп бір жыл шәкіртақы төленеді. Аталған мерзім ректораттың ұсынысы және Өкілетті Кеңес төрағасының бекітуімен ең көп дегенде бір жылға, медицина саласында кәсіби біліктілік арттыруға келген тұлғаларға ең көп дегенде екі жылға шәкіртақы төлеу мерзімі ұзартылуы мүмкін.



## **Шәкіртақы мөлшерінің азайтылуы немесе шәкіртақы берілуінің тоқтатылуы**

**9-бап.** (1) Төменде көрсетілген жағдайларда шәкіртақы мөлшері азайтылады немесе тоқтатылады:

а) Шәкіртақы тағайындалған тұлғаның айлық жалақы төленетін жұмысқа кіріскенде; оған қатысты ескерту және сөгістен басқа тәртіптік шара қолданылғанда; академиялық демалыс алғанда; рұқсатсыз және дәлелді себепсіз тіркелген қаладан шыққанда; рұқсатсыз және дәлелді себепсіз Өкілетті Кеңес Басқармасы тапсырған жұмыстарға ескертілуіне қарамастан қатыспағанда немесе орындамағанда, оқудан немесе біліктілік/тәжірибе алу үдерісінен шығарылғанда, оқуын тастап кеткенде немесе белгіленген мерзім ішінде аяқтай алмағанда шәкіртақы төленуі толық тоқтатылады.

б) Магистратура бағдарламасы үшін белгіленген қалыпты оқу мерзімі ішінде шәкіртақы тағайындалған тұлға бір семестрде екіден көп сабақтан қанағаттанғысыз баға алғанда шәкіртақы берілуі толық тоқтатылады.

с) Докторантура бағдарламасы үшін белгіленген қалыпты оқу мерзімі ішінде шәкіртақы тағайындалған тұлға бір семестрде екіден көп сабақтан қанағаттанғысыз баға алғанда немесе мамандығы бойынша біліктілік емтиханын екінші рет тапсырып өте алмағанда шәкіртақы берілуі толық тоқтатылады.

д) Тіркелген институтынан білім алуын аяқтау мақсатында қосымша мерзім алған тұлғаның шәкіртақы мөлшері, қосымша мерзім алған алғашқы алты ай үшін 10%-ға, одан кейінгі мерзімдерде де әр алты ай сайын қосымша 10%-ға азайтылып төленеді.

е) Денсаулығына байланысты бір айдан көп мерзімге анықтама алған тұлғаға сол уақыт аралығы аяқталғанға дейін шәкіртақы төленбейді.

## **Шәкіртақының жалғасу шарттары**

**10-бап.** (1) Шәкіртақының жалғастырылуы үшін шәкіртақы тағайындалған тұлғалар төменде көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзім ішінде Өкілетті Кеңес Басқармасына тапсыруы тиіс:

а) Түрік тілін үйрену курсы бойынша әр курс соңында оқу үдерісі бағдарламасын табысты аяқтағаны туралы анықтама;

б) Ғылыми дайындық және негізгі оқу үдерісі бойынша әр семестр соңында оқыған пәндерінің академиялық анықтамасы (транскрипт);

с) Докторантурада тапсырылатын мамандығы бойынша біліктілік емтиханының қорытындысы;

д) Диссертациялық жұмыс жазу кезеңінде, ғылыми жұмысы жобасының қабылданғанын растайтын Ғылыми Кеңес шешімі және ғылыми жұмысының жоспары;

е) Әр семестрдің басында студенттік анықтама, докторантура бағдарламасында диссертациялық жұмыс жазу кезінде болса диссертациялық жұмысын бақылау кеңесінің шешімі

(2) Аталған құжаттарды тапсырмаған тұлғаларға шәкіртақы төлеу уақытша тоқтатылады. Шәкіртақы төленуі уақытша тоқтатылған күннен бастап бір ай ішінде құжаттарды тапсырмаған тұлғалардың шәкіртақысы Өкілетті Кеңес төрағасының бекітуімен мүлдем тоқтатылады.

## Шәкіртақы төлемдері және мөлшері

**11-бап.** (1) Шәкіртақы тағайындалған тұлғаларға жасалатын төлемдердің мөлшері төмендегідей:

а) Бакалавриаттан кейінгі білім алуға, медицина саласында мамандануға, кәсіби біліктілік пен тәжірибені арттыруға келген тұлғаларға төмендегі кестеде көрсетілген айлық шәкіртақы сомалары әр айдың алғашқы аптасында нақты түрде беріледі:

Оқу бағдарламасының түрі	Айлық шәкіртақы сомасы (ТЛ)
Магистратура	1.078,00
Докторантура	1.204,00
Медицина саласында мамандану	1.204,00
Кәсіби біліктілік пен тәжірибені арттыру	1.204,00

б) Шәкіртақы тағайындалған тұлғалардың түрік тілін және шет тілін үйрену курстарының оқу ақылары төленеді.

с) Шәкіртақы тағайындалған тұлғалардың институтқа тіркелу және тіркеуді жаңалау төлемдері төленеді.

д) Бакалавриаттан кейінгі білім алуға, медицина саласында мамандануға, кәсіби біліктілік пен тәжірибені арттыруға келген тұлғалардың, өзінің, жұбайы мен балаларының визалық және уақытша тіркелу төлемақылары, міндетті денсаулық сақтандыру төлемдері, шәкіртақы төленетін бір жылдық мерзімді соңына дейін жеткізу шартымен жылына бір рет ең көп дегенде 90 күндік мерзімге еліне бару-қайту жол шығындары төленеді.

е) Кәсіби біліктілік пен тәжірибені арттыруға келген тұлғалардың уақытша тіркелу төлемақылары мен елінен келу, еліне қайту жол шығындары төленеді. Білім алу мерзімінің ұзартылуы жағдайында шәкіртақы төленетін бір жылдық мерзімді соңына дейін жеткізу шартымен жылына бір рет ең көп дегенде 30 күндік мерзімге еліне бару-қайту жол шығындары төленеді.

ф) Бакалавриаттан кейінгі білім алу және медицина саласында мамандану үдерісін қосымша мерзім сұрамай, белгіленген мерзім ішінде аяқтаған тұлғаларға бір айлық шәкіртақы көлемінде сыйақы төленеді.

## Төленген шәкіртақылардың өндірілуі

**12-бап.** (1) Осы регламенттің 9-шы және 10-шы баптарында көрсетілген себептерге байланысты шәкіртақы төлемдері тоқтатылған тұлғалардан, бакалавриаттан кейінгі білім алу, медицина саласында мамандану, кәсіби біліктілік пен тәжірибені арттыру үдерісін бітіргенен соң келісімшарт талаптарына сәйкес міндетті қызметін атқармаған жағдайда оларға берілген барлық шәкіртақылар мен басқа да төлемдер, келісімшарт талаптары негізінде және заңды пайыздарымен қоса өндіріліп алынады. Бұл ретте - Қазақстан Республикасының азаматтарынан ректорат, басқа мемлекет азаматтарынан Өкілетті Кеңес Басқармасы өндіріп алады және Өкілетті Кеңес бюджетіне кіріс ретінде тіркеледі.



## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### Білім алуын ынталандыру және қолдау мақсатында тағайындалатын шәкіртақы

#### Шәкіртақыны тағайындау шарттары

**13-бап.** (1) Түркі республикалар мен қауымдастықтардан Түркиядағы университеттерге білім алу мақсатында келген, оқу үлгерімі үздік үміткерлерге, ең соңғы алған дипломның оқу үлгерімінің орташа ұпайы кем дегенде 3,00/4,00 немесе 75/100 болған немесе әлеуметтік жағдайы төмен студенттердің жетілуіне үлес қосу мақсатында Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан қол қойылатын келісімшартқа сәйкес Өкілетті Кеңес Басқармасы бюджетінен қайтарымсыз түрде «Білім алуын ынталандыру шәкіртақысы» тағайындалады.

(2) Осы мақсатта шәкіртақы тағайындалатын тұлғалармен 2-үлгідегі келісімшарт жасалады (2-қосымша).

#### Шәкіртақы тағайындалатын үміткерлердің іріктелуі

**14-бап.** (1) Білім алуын ынталандыру шәкіртақысы Өкілетті Кеңес Басқармасына берілген өтініштер негізінде Өкілетті Кеңес төрағасының келісімімен тағайындалады. Өкілетті Кеңес төрағасы қажет болған жағдайда осы шаралар үшін арнайы комиссия құруы мүмкін.

#### Тапсырылатын құжаттар тізімі

**15-бап.** (1) Іріктелген студенттердің Өкілетті Кеңес Басқармасына тапсыруға тиісті құжаттар төменде көрсетілген:

- а) Ең соңғы бітірген оқу орнының дипломы мен диплом қосымшасының бекітілген үлгісі,
- б) Білім алып жатқан университеттен алатын студенттік анықтама мен диплом қосымшасы,
- с) Төлқұжат (түрік тіліне аударылған және расталған үлгісі),
- д) Студентке басқа мекемелерден шәкіртақы тағайындалған болса, шәкіртақы тағайындаған мекеме мен шәкіртақы мөлшерін көрсететін құжат,
- е) 3 дана фотосурет.

#### Тағайындалған шәкіртақының тоқтатылуы

**16-бап.** (1) Шәкіртақы тағайындалған тұлғалар айлық жалақы төленетін жұмысқа орналасқан жағдайда; ескерту және сөгіс жариялаудан басқа оған қатысты тәртіптік шара қолданылған жағдайда; академиялық демалыс алған жағдайда; 4 ұпайлық жүйе бойынша оқу үлгерімі 2.60 төмен болса, 100 ұпайлық жүйе бойынша оқу үлгерімі 65-тен төмен болса; рұқсатсыз және дәлелді себепсіз Өкілетті Кеңес Басқармасы тапсырған жұмыстарға ескертілуіне қарамастан қатыспаса немесе орындамаса, оқудан шығарылса, оқуын тастаған немесе уақытында оқуын аяқтамаған жағдайда сол тұлғаға шәкіртақы берілу толық тоқтатылады. Оқу үлгерімі төмен студенттерге жаңа оқу жылының басынан бастап шәкіртақы төлену тоқтатылады.



### Шәкіртақының жалғасу шарттары

**17-бап.** (1) Шәкіртақының үздіксіз берілуін қамтамасыз ету үшін шәкіртақы тағайындалған тұлға төменде көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзім ішінде Өкілетті Кеңес Басқармасына тапсыруы тиіс:

а) Ғылыми дайындық және негізгі оқу үдерісі бойынша әр семестр соңында оқыған пәндерінің үлгерімі туралы құжат,

б) Докторантурада тапсырылатын мамандығы бойынша біліктілік емтиханының қорытындысы,

с) Диссертациялық жұмыс жазу кезеңінде ғылыми жұмысы жобасының қабылданғанын растайтын Ғылыми Кеңес шешімі және диссертациялық жұмыс жоспары,

д) Әр семестрдің басында студенттік анықтама, докторантурада диссертациялық жұмыс жазу кезеңінде бекітілген ғылыми жұмысына қатысты бақылау кеңесінің шешімі,

(2) Аталған құжаттарды тапсырмаған тұлғаларға шәкіртақы төлеу уақытша тоқтатылады. Шәкіртақы төленуі уақытша тоқтатылған күннен бастап бір ай ішінде құжаттарды тапсырмаған тұлғалардың шәкіртақысы Өкілітті Кеңес төрағасының бекітуімен мүлдем тоқтатылады.

### Шәкіртақы мөлшері

**18-бап.** (1) Студенттерге төмендегі кестеде көрсетілгендей айлық шәкіртақы мөлшері әр айдың алғашқы аптасында нақты түрде бөленеді:

Оқу бағдарламасының түрі	Айлық шәкіртақы сомасы (ТЛ)
Бакалавриат	126,00
Магистратура	154,00
Докторантура	187,00

### Шәкіртақы төлеу мерзімі

**19-бап.** (1) Келісімшарт жасалған тұлғаға, бакалавриат бағдарламасы бойынша университетке тіркелген уақытынан бастап, дайындықтан тыс ең көп дегенде төрт жыл, бакалавриаттан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша университетке тіркелген уақытынан бастап ғылыми дайындық үдерісінен тыс магистратура бағдарламасының оқу мерзімі бойынша ең көп дегенде үш жыл, докторантура бағдарламасы бойынша ең көп дегенде алты жыл шәкіртақы төленеді.

## ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

### Мәдениет және өнер саласында ынталандыру және қолдау мақсатында тағайындалатын шәкіртақы

### Шәкіртақы тағайындау шарттары

**20-бап.** (1) Жоғары білім алу мақсатында түркі республикаларымен қауымдастықтардан келіп, Түркиядағы университеттерге тіркелген студенттер мен ізденушілерге, қоғамның мәдениет және өнер саласындағы іс-шараларына университеттің өзіндік үлесін қамтамасыз ету, студенттер арасында достық пен өзара сыйластықты нығайту және университетті таныту бастамаларына үлес қосу мақсатында





оқу мерзімдері бойынша Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан қол қойылатын келісімшартқа сәйкес Өкілетті Кеңес Басқармасының бюджетінен қайтарымсыз түрде «Мәдениет және өнер саласында ынталандыру және қолдау шәкіртақысы» тағайындалады.

(2) Осы мақсатта шәкіртақы тағайындалатын тұлғалармен 3-үлгідегі келісімшарт жасалады (3-қосымша).

### **Шәкіртақы тағайындалатын студенттердің іріктелуі**

**21-бап.** (1) Шәкіртақы қажетті алаңдарда Ясауи өнер тобының мүшесі ретінде өнер көрсету шартымен Өкілетті Кеңес Басқармасына берген өтініші бойынша Өкілетті Кеңес төрағасының келісімі негізінде тағайындалады. Өкілетті Кеңес төрағасы қажет жағдайда осы шаралар үшін арнайы комиссия жасақтауы мүмкін.

### **Тапсырылатын құжаттар тізімі**

**22-бап.** (1) Іріктелген студенттердің Өкілетті Кеңес Басқармасына тапсыратын құжаттары төменде көрсетілген:

- a) Білім алып жатқан университеттен алатын студенттік анықтама,
- b) Төлқұжат (түрік тіліне аударылған және расталған үлгісі),
- c) 2 дана фотосурет.

### **Тағайындалған шәкіртақының тоқтатылуы**

**23-бап.** (1) Осы шәкіртақы студенттің мәдениет және өнер саласындағы іс-шараларға қатысқан мерзім аралығында төленеді. Студент рұқсатсыз және дәлелді себепсіз Өкілетті Кеңес Басқармасы тапсырған жұмыстарға ескертілуіне қарамастан қатыспаса/орындамаса немесе нәтижелі болмаса, сондай-ақ, оқуын тастаған жағдайда шәкіртақы төлену тоқтатылады.

### **Шәкіртақы мөлшері**

**24-бап.** (1) Студенттерге 275 ТЛ көлемінде айлық шәкіртақы әр айдың алғашқы аптасында нақты төленеді.

## **БЕСІНШІ БӨЛІМ**

### **Түркі республикалары мен қауымыдастықтардан келген студенттердің білім алуларын ынталандыру шәкіртақысы**

#### **Шәкіртақы тағайындау шарттары**

**25-бап.** (1) Түркия мен Қазақстаннан тыс, түркі республикалары мен қауымдастықтардан Өкілетті Кеңес тарапынан бекітілген контингент шеңберінде қабылданған студенттерге, жетілуі мен білім алуына үлес қосу мақсатында Түркия Республикасы бюджетінен университеттің бухгалтериясы арқылы берілетін «Түркі тілдес республикалары мен қауымыдастықтардан келген студенттердің білім алуларын ынталандыру шәкіртақысы» тағайындалады.

(2) Бұл студенттер университет регламенттерінде көрсетілген шарттарды орындамаған жағдайда, олардың шәкіртақы алу құқылары жойылып, келу/қайту жол шығындары төленбейді.



## Шәкіртақы төлемдері және мөлшері

**26-бап.** (1) Шәкіртақы тағайындалған тұлғаларға төменде көрсетілген төлемдер жасалады:

а) Түркия және Қазақстаннан тыс түркі республикалары мен қауымдастықтардан келген және шәкіртақы алатын студенттерге қалыпты оқу мерзімі бойынша қыркүйек-маусым айлары қоса жалпы 10 ай бойы 50 АҚШ доллары көлемінде әр айдың ішінде ректорат бухгалтериясы тарапынан нақты түрде төленеді. Қажетті бақылау шаралары университеттің әкімшілік және қаржылық істері Вице-президенті/Бас хатшы тарапынан жүзеге асырылады.

б) Түркия және Қазақстаннан тыс Түркі тілдес республикалары мен қауымдастықтардан келген және шәкіртақы алатын студенттерге келген елінің түлегіне төмендегі кестеде көрсетілген келу жол шығындары оқу жылының басында қыркүйек-қазан айларында, қайту жол шығындары оқу жылының аяғында мамыр айы ішінде нақты түрде төленеді. Мамыр айынан бұрын мемлекетіне қайтуы тиіс студенттерге, тиісті құжат және өтініштерін тапсырған жағдайда қайту жол шығындары мамыр айынан бұрын төленуі мүмкін. Төлем жасалуы үшін құжат тапсыруы талап етілмейді. Төмендегі кестеде көрсетілмеген мемлекеттер үшін келу-қайту жол шығындары ұқсас үлгілер негізге алынып, Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан белгіленеді.

№	Мемлекет	Келу жол шығыны (АҚШ доллары)	Қайту жол шығыны (АҚШ доллары)
1	Алтай	140	140
2	Әзірбайжан	250	250
3	Башқорстан	140	140
4	Болғария	500	500
5	Чувашия	165	165
6	Дағыстан	250	250
7	Шығыс Түркістан (Қытай)	200	200
8	Гагауыз (Молдова)	500	500
9	Хакасия	150	150
10	Ирак	500	500
11	Кабардино-Балқария	250	250
12	Қарашай	250	250
13	Қарақалпақстан	65	65
14	Қырғызстан	90	90
15	Қырым (Украина)	500	500
16	Солтүстік Кипр Түрік Республикасы	500	500
17	Македония	500	500
18	Монғолстан	275	275
19	Омск	150	150
20	Өзбекстан	50	50



21	Румыния	500	500
22	Саха	500	500
23	Сібір	125	125
24	Тәжікстан	125	125
25	Татарстан	115	115
26	Тува	460	460
27	Түрікменстан	250	250

## АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

### Шетелде бакалавриаттан кейінгі білім алу шәкіртақысы

#### Шәкіртақы тағайындау шарттары

**27-бап.** (1) Университеттің мұқтаж болған мамандықтарға қажетті оқытушылар мен ғылыми қызметкерлерді қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орнын үздік бітіріп, Түркиядан басқа шет елдерде бакалавриаттан кейінгі білім алатын және Өкілетті Кеңес Басқармасының талаптарына сай үміткерлер арасынан Өкілетті Кеңес төрағасының шешімімен құрылатын Шәкіртақы тағайындау комиссиясы тарапынан іріктелген, біліктілігі Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан бекітілген және қажетті шарттарды орындаған білімгерлерге оқу мерзімі бойынша Өкілетті Кеңес төрағасы, университет ректоры және ректор өкілі тарапынан қол қойылатын келісім-шартқа сәйкес Өкілетті Кеңес Басқармасының бюджетінен "Шетелде бакалавриаттан кейінгі білім алу шәкіртақысы" тағайындалады.

(2) Шетелде бакалавриаттан кейінгі білім алу шәкіртақысы ең алдымен Түркия Республикасының азаматы болған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түлектеріне беріледі. Алайда белгіленген контингент мөлшері толмаған жағдайда басқа университеттердің түлектеріне де Өкілетті Кеңес төрағасының бекітуімен шәкіртақы тағайындалуы мүмкін.

(3) Осы мақсатта, шәкіртақы тағайындалған білімгерлермен 4-үлгідегі (4-қосымша) келісім-шарт түзіледі және кепілдік беретін кісінің мемлекеттік қызметкер болуы шартымен нотариус тарапынан бекітілген кепілдік (Қосымша 5) алынады.

(4) Университет ректораты оқытушы және ізденуші қажет мамандықтардың тізімін әр жылдың мамыр айының соңына дейін Өкілетті Кеңес Басқармасына ұсынады. Қажеттілік белгіленгенде шәкіртақы тағайындалатын студенттердің университетте міндетті түрде қызмет атқарулары ескерілуі қажет. Белгіленген мамандықтар және контингент Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан бекітіледі.

(5) Шетелде бакалавриаттан кейінгі білім алу шәкіртақысы тағайындалатын студенттердің саны бюджет мүмкіншілігіне сай белгіленеді. Шәкіртақы алатын студенттердің саны 10-нан аспауы керек.



(6) Шәкіртақы иегері оқуын табысты аяқтаған немесе аяқтай алмай босаған орындарға дәл осы тәртіппен шәкіртақы тағайындалады.

(7) Білімгер төмендегі талаптарға ие болуы қажет:

a) Түркия Республикасының азаматы болуы,

b) Ең соңғы бітірген университет дипломында орташа үлгерім бағасы магистратура үшін кем дегенде 2,80/4,00 немесе 72/100; докторантура үшін магистратура дипломының орташа үлгерім бағасы кем дегенде 3,25/4,00 немесе 82,50/100 болуы,

c) Докторантура бойынша үміткер үшін кем дегенде бір ғылыми мақаланың жариялануы;

d) Университеттерде магистратура немесе докторантура бағдарламасына тіркелуі немесе қабылдануын растайтын құжат,

e) Магистратура үшін жасы 28 жастан, докторантура үшін 30 жастан аспауы,

f) Тәртіп жазасына тартылмауы,

g) Білім алуына кедергі жасайтын денсаулығы нашар және жұқпалы аурулармен ауырмауы,

(8) Университеттер арасында шет тілі емтиханы және мемлекеттік қызметкерлері үшін тіл емтиханынан магистратура үшін кем дегенде 60, докторантура үшін кем дегенде 70 ұпай алуы немесе осыған теңбе-тең халықаралық шет тілі емтихандарында осыған сәйкес келетін ұпай алуы қабылдану мүмкіндігін арттырады.

### **Шәкіртақы тағайындалатын студенттердің іріктелуі**

**28-бап.** (1) Шәкіртақы тағайындалатын студенттерді іріктеу үшін Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан кем дегенде үш кісіден тұратын комиссия құрылады. Өкілетті Кеңес төрағасы өтініштерді ескере отырып, комиссияны ректорат құрамында да құруы мүмкін.

(2) Университеттің веб-сайтында шәкіртақы берілетін білім салалары, қабылданатын студент саны мен қабылдау шарттары жарияланады. Өтініш білдірген студенттердің арасынан белгіленген талаптарға сай болғандар комиссия тарапынан ауызша емтиханға алынады және бағалау жүйесі арқылы студенттер іріктеледі. Белгіленген студенттер тізімінің Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан бекітілуімен іріктеу аяқталады.

(3) Іріктелген студенттер ең алдымен университетте немесе комиссияның шешімімен Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Ресей, Қытай және Украинадағы университеттерде білім алады.



## Тапсырылатын құжаттар

**29-бап.** (1) Шәкіртақы тағайындалған студенттер Өкілетті Кеңес Басқармасына төмендегі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- a) Соңғы бітірген оқу орны дипломының расталған көшірмесі (2 дана),
- b) Диплом қосымшасының расталған көшірмесі (2 дана),
- c) Дипломының орташа ұпайы 4 балдық жүйе бойынша есептелмесе, осы жүйеге сәйкестендірілген және бекітілген құжат (2 дана),
- d) Төлқұжаттың расталған көшірмесі (2 дана),
- e) 6 фото сурет,
- f) Білім алатын мемлекеттің Елшілігінен алынған студенттік виза,
- g) Білім алуына кедергі жасайтын денсаулық проблемалары мен жұқпалы аурулары болмағанын растайтын денсаулық анықтамасы,
- h) Міндетті қызмет туралы келісім-шарты және нотариус тарапынан расталған кепілдеме.

## Шәкіртақы мөлшері және басқа да шығындардың өтелуі

**30-бап.** (1) Келісім-шарт жасалған магистратура студентіне ай сайын 750,00 АҚШ доллары көлемінде, докторантура студентіне ай сайын 900,00 АҚШ доллары көлемінде шәкіртақы әр айдың бірінші аптасында ТүрТЕП Өзін-өзі қаржыландыру мекемесі бюджетінің ғылыми жобаларды қолдау, шәкіртақы және көмек қоры есебінен студенттің есебіне нақты түрде төленеді. Ресей және Қытайда білім алатын студенттерге төленетін шәкіртақы мөлшерін аталмыш елдердің шарттары ескеріле отырып, Өкілетті Кеңес төрағасы ең көп дегенде екі есеге дейін көтеруі мүмкін.

(2) Шәкіртақы тағайындалған студенттің тек қана өзіне жылына бір рет еліне бару-қайту жол шығындары төленеді. Виза, уақытша тіркеуге алу, нотариус және төлқұжаттық сияқты міндетті шығындар тиісті құжаттың тапсырылуы негізінде өтеледі.

(3) Шәкіртақы тағайындалған студенттің денсаулық сақтандыруы міндетті болып, онын қаражаты төленеді. Бірақ қажетті денсаулық сақтандыру қаражаты стандартты болуы және міндетті сақтандыру төлемақысы әр жыл үшін айлық шәкіртақының 1,5 мөлшерінен аспауы тиіс.

(4) Шәкіртақы иегерінің оқу ақысы құжаты негізінде Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан төленеді.

## Шәкіртақы төлеу мерзімі

**31-бап.** (1) Келісім-шарт жасалған шәкіртақы иегеріне төменде көрсетілген кезеңдер мен мерзімдерде шәкіртақы төленеді:



a) Магистратура бағдарламасы бойынша шәкіртақы иегеріне оқуын бастаған күннен бастап екі жыл, докторантура бағдарламасы бойынша шәкіртақы иегеріне болса докторантура оқуын бастаған күннен бастап төрт жыл бойы шәкіртақы төленеді. Шәкіртақы иегерінің оқыған университетіндегі магистратура және докторантура бағдарламасының келісім-шартта белгіленген мерзімнен қысқа немесе ұзын болған жағдайда, оқыған университетінің белгілеген мерзімі бойынша шәкіртақы төленеді.

b) Шәкіртақы иегері оқитын университетте шет тілі дайындық бағдарламасын оқитын болса, аталмыш мерзімге қоса бір жыл уақыт беріледі.

c) Тіркелген университет тарапынан ғылыми дайындық оқуы қажеттілігі жөнінде шешім қабылданған жағдайда, ғылыми дайындық мерзімінде тек екі семестр ғана шәкіртақы төленеді. Бірінші семестр соңында бірден көп сабақтан өте алмаған студенттің шәкіртақысының төленіп төленбеуі туралы арнайы шешім қабылданады.

d) Денсаулығына байланысты оқуын уақытылы бітіре алмаған немесе университеттен қосымша мерзім алған студентке, себебі көрсетілген мерзім ұзату өтініші мен диссертациялық жұмыстың есебі бойынша Өкілеттік Кеңес Басқармасы да лайықты деп шешкен жағдайда, қосымша мерзім кезеңінде магистратура бағдарламасында ең көп дегенде алты ай, докторантура бағдарламасында ең көп дегенде бір жыл шәкіртақы төленеді.

(2) Шәкіртақылар, студенттің шәкіртақы алу шарттарына сай болған мерзімде он екі ай бойы төленеді.

### **Шәкіртақының тоқтатылуы**

**32-бап.** (1) Магистратура немесе докторантура бағдарламасы бойынша оқитын студенттің шәкіртақысы төмендегі себептердің біріне байланысты Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан тоқтатылады:

a) Шәкіртақы тағайындалған тұлғалар кез келген жалақы төленетін жұмысқа орналасқан жағдайда; ескерту және сөгіс жариялаудан басқа оған қатысты тәртіптік шара қолданылған жағдайда; академиялық демалыс алған жағдайда; үлгерімі төмен және қанағаттанғысыз болса; оқудан шығарылса, оқуын тастаған немесе уақытында оқуын аяқтамаған жағдайда, оқуын бітіріп түлек болғанда шәкіртақы берілу толығымен тоқтатылады.

b) Магистратура бағдарламасының қалыпты оқу мерзімі барысында сабақ мерзімінде бір семестрде екіден жоғары сабақтан үлгерімі нашар (қанағаттанғысыз) болған студентке шәкіртақы төлеу толығымен тоқтатылады.

c) Докторантура бағдарламасының қалыпты оқу мерзімі барысында сабақ мерзімінде бір семестрде екіден жоғары сабақтан үлгерімі нашар (қанағаттанғысыз) болған немесе мамандық бойынша біліктілік емтиханын екінші ретте де тапсыра алмаған студентке шәкіртақы төлеу толығымен тоқтатылады.



d) Денсаулығына байланысты бір айдан көп мерзімге денсаулық кеңесінен арнайы денсаулық анықтамасын алған студентке шәкіртақысы сақталмайтын демалыс беріледі.

(2) Шәкіртақы иегері осы бапта көрсетілген оқу жағдайына байланысты өзгерістерді Өкілетті Кеңес Басқармасына, өзгеріс басталған күннен бастап он бес күн ішінде хабардар етуі міндетті. Оқу жағдайына байланысты өзгерістерді уақытылы хабардар етпеген және бұл өзгерісті Өкілеттік Кеңес Басқармасы әшкерелеген жағдайда студенттің шәкіртақысы толығымен тоқтатылады.

### **Шәкіртақының жалғасу шарттары**

**33-бап.** (1) Шәкіртақының жалғастырылуы үшін шәкіртақы иегері оқу мерзімі бойынша әр семестрдің соңында сол семестрде табысты бітіргендігін көрсететін кафедра тарапынан бекітілген академиялық анықтама немесе ресми құжатпен жұмыс есебін, әр семестрдің басында студенттік анықтамасын Өкілетті Кеңес Басқармасына өткізулері тиіс.

(2) Аталмыш құжаттарын өткізбеген студенттердің шәкіртақысы уақытылы тоқтатылады. Алайда студент шәкіртақысы уақытылы тоқтатылған күннен бастап бір ай ішінде аталмыш құжаттарын өткізбеген жағдайда шәкіртақысы Өкілетті Кеңес төрағасының бекітуімен толығымен тоқтатылады.

### **Шәкіртақы иегері студенттің жауапкершіліктері**

**34-бап.** (1) Шәкіртақы тағайындалған студент міндетті қызметін шәкіртақы алу мерзімінен аз болмау шартымен университеттің Қазақстандағы бөлімшелерінде атқаруы тиіс. Міндетті қызмет мерзімі шәкіртақысы төленген әр аймен пара пар болып есептелінеді.

(2) Шәкіртақы тағайындалған студент аяқталған магистрлік немесе докторлық диссертациясының бір көшірмесін жазбаша және электрондық түрде Өкілетті Кеңес Басқармасына тапсыруы тиіс.

### **Төленген шәкіртақылардың өндірілуі**

**35-бап.** (1) Осы регламенттің 32-ші және 33-ші баптарында көрсетілген себептерге байланысты шәкіртақы төлемдері тоқтатылған немесе бакалавриаттан кейінгі білім алу үдерісін бітіргенен соң келісімшарт талаптарына сәйкес міндетті қызметін атқармаған тұлғалардан берілген барлық шәкіртақылар мен басқа да төлемдер, келісімшарт талаптары негізінде және заңды пайыздарымен қоса Өкілеттік Кеңес Басқармасы тарапынан өндіріліп, Өкілетті Кеңес Басқармасы бюджетіне кіріс ретінде тіркеледі.

## **ЖЕТІНШІ БӨЛІМ**

### **Соңғы және басқа да ережелер**

#### **Шәкіртақы мөлшерінің арттырылуы**

**36-бап.** (1) Осы регламенттің жоғарыдағы баптарында ақшалай көрсетілген эквиваленттерді Түркия Республикасының статистикалық мекемесі тарапынан



жарияланатын «Тұтынушы бағалары индексі» (ТБИ) мөлшерінен асып кетпеу шартымен, әр жылдың қаңтар айында, сол айдан бастап бір жылдық мерзімге Өкілетті Кеңес төрағасы арттыруға құқылы.

### **Күшін жойған регламент**

**37-бап.** (1) Осы регламенттің күшіне енуімен 2008 жылдың 01-02 қарашасында өткен Өкілетті Кеңестің 33-мәжілісінің 4.2. Бабымен қабылданған «Өкілетті Кеңес Басқармасы шәкіртақы тағайындау регламенті» өз күшін жояды.

### **Күшіне ену**

**38-бап.** (1) Осы регламент 2012 жылы 04 мауысымда өз күшіне енеді.

### **Жүзеге асыру**

**39-бап.** (1) Осы регламент ережелерін Өкілетті Кеңес төрағасы, университет ректоры және ректор өкілі жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің		
Күні: 02/ 06 / 2012	Мәжіліс № 42	Шешім № 17.2.13





**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ  
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕС БАСҚАРМАСЫ**

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ АЛУ/ МЕДИЦИНА САЛАСЫНДА  
МАМАНДАНУ / КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ҮШІН  
ШӘКІРТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ТҮЛҒАЛАРМЕН ЖАСАЛАТЫН КЕЛІСІМШАРТ  
(1-ҮЛГІ)**

**Тараптар**

**1-бап.** Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасы мен ..... арасында төмендегі шарттар бойынша осы келісімшарт жасалды.

Осы келісімшартта кездесетін мына ұғымдар төмендегі мағынаны білдіреді:

Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін;

Ректорат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоратын;

Мекеме: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасын;

Шәкіртақы тағайындалған тұлға: ..... білдіреді.

**Келісімшарт тақырыбы**

**2-бап.** Осы келісімшарттың тақырыбы  
.....

(аты-жөні)

«Шәкіртақы тағайындалған тұлға» ретінде Түркия Республикасының жоғары оқу орындарының бірінен түлек болғаннан кейін, Мекеме тарапынан тағайындалған шәкіртақымен қанша мерзім білім алған болса (демалыс күндерін қосқанда) сонша мерзім Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өз мамандық алаңында міндетті қызмет етуі туралы.

**Университеттің құқықтары мен жауапкершіліктері**

**3-бап.** Мекеме:

- a) Шәкіртақы тағайындалған тұлғаның Түркиядағы оқу орнына жеткізілуіне;
- b) Шәкіртақы тағайындалған тұлғаға Шәкіртақы тағайындау туралы регламентте көрсетілген мөлшерде ай сайын шәкіртақы төлеуге;
- c) Бакалавриаттан кейінгі білім алу, медицина саласында мамандану үшін келген тұлғалардың және жанұя мүшелерінің уақытша тіркелу шығындары мен жылына бір рет мемлекетіне барып қайту жол шығындарын өтеуге; кәсіби біліктілікті арттыру және тәжірибе алмасу үшін келген тұлғалардың уақытша тіркелу шығындары мен мемлекетінен келу және кері қайту жол шығындарын өтеуге;

d) Ректорат, оқу/біліктілік арттыру үдерісін аяқтаған тұлғаны мамандығы бойынша қызметке алуға;

e) Оқу/біліктілік арттыру үдерісін аяқтаған тұлғаның Түркияда қанша мерзім шәкіртақымен білім алған болса (демалыс күндерін қосқанда), сонша мерзім көлемінде университетте міндетті жұмыс атқаруы үшін мамандығы бойынша жұмыспен қамтамасыз етілуіне жауапты болып табылады.

#### **Шәкіртақы тағайындалған тұлғаның құқықтары мен жауапкершіліктері** **4-бап.** Шәкіртақы тағайындалған тұлға

a) Оқу үрдісі бойынша тікелей Мекемеге бағынышты;

b) Оқу үрдісі бойынша бір жылда ең көп дегенде 90 (тоқсан) күн демалыс алуға құқылы. Көрсетілген мерзімнен көп уақыт демалыс алуына рұқсат берілген тұлғаға 90 (тоқсан) күннен асқан мерзіміне шәкіртақы төленбейді.

c) Оқу үрдісі бойынша қолданыстағы заң, жарғы және регламенттерге бағынуға, Мекеме басшысы тарапынан берілген тапсырма және қызметтерді уақытылы және дұрыс орындауға міндетті;

d) Оқу үрдісі бойынша тіркелген оқу орнының және Мекеменің ережелері мен регламент талаптарын орындауға міндетті;

e) Түркияда қанша мерзім шәкіртақылы негізде білім алған болса (демалыс күндерін қосқанда), сонша мерзім көлемінде мамандығы бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жұмыс істеуге міндетті.

f) Шәкіртақы тағайындалған тұлға осы келісімшартта көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда, міндетті қызметіне кіріспеген немесе жұмыс істеу мерзімі аяқталмай тұрып университеттегі жұмысынан өз еркімен босаған жағдайда білім алуы үшін жұмсалған қаражаттың барлығын заңды пайызымен нақты немесе белгілі бір мөлшерін (белгіленген мерзімдер аралығында теңдей бөлшектерін жүйелі қайтару арқылы) Қазақстан Республикасының азаматтары Ректоратқа, басқа мемлекеттің азаматтары Өкілетті Кеңес Басқармасына қайтаруға міндетті.

g) Шәкіртақы тағайындау регламентінде көрсетілген себептерге байланысты шәкіртақы берілуі тоқтатылған тұлғалар білім алуы үшін жұмсалған қаражаттың барлығын заңды пайызымен нақты немесе белгілі бір мөлшерін (белгіленген мерзімдер аралығында теңдей бөлшектерін жүйелі қайтару арқылы) Қазақстан Республикасының азаматтары Ректоратқа, басқа мемлекеттің азаматтары Өкілетті Кеңес Басқармасына қайтаруға міндетті.

#### **Басқа ережелер**

**5-бап.** Осы келісімшарт екі тарап қол қойғаннан кейін өз күшіне енеді.

**6-бап.** Осы келісімшартқа енгізілетін өзгерістер, толықтырулар мен қосымшалар екі тараптың жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады.



**7-бап.** Осы келісімшартта көрсетілмеген жайттар Қазақстанда, Қазақстан Республикасының заңдарына, Түркияда Түркия Республикасының заңдарына сәйкес қарастырылады.

**8-бап.** Осы келісімшарт баптарынан туындайтын келіспеушіліктер екі тараптың өзара кездесу және келісімдері негізінде шешіледі. Келіспеушіліктер шешілмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының тиісті сот және атқарушы органдарының, Түркия Республикасының Анкара соты мен атқарушы органдарының шешімі негізге алынады.

**9-бап.** Осы келісімшарт «...» ..... ж. екі нұсқа ретінде дайындалды және қол қойылды.

Шәкіртақы тағайындалған тұлға

Ректор өкілі

Университет ректоры

Өкілетті Кеңес төрағасы



**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕС БАСҚАРМАСЫ**

**БІЛІМ АЛУЫН ЫНТАЛАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН  
ШӘКІРТАҚЫ КЕЛІСІМШАРТЫ  
(2-ҮЛГІ)**

**Тараптар**

**1-бап.** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасы және ..... арасында төмендегі шарттар бойынша осы келісімшарт жасалды.

Осы келісімшартта аталған ұғымдар төмендегі мағынаны білдіреді:

Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Мекеме: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасы;

Шәкіртақы тағайындалған тұлға: .....

**Келісімшарт тақырыбы**

**2-бап.** Осы келісімшарттың тақырыбы .....

(аты-жөні)

білім алуын ынталандыру мақсатында Мекеме тарапынан тағайындалатын шәкіртақы шарттарын реттеу болып табылады.

**Университеттің құқықтары мен жауапкершіліктері**

**3-бап.** Мекеме шәкіртақы тағайындалған тұлғаға Шәкіртақы тағайындау регламентінде көрсетілген мөлшерде шәкіртақы төлейді.

**Шәкіртақы тағайындалған тұлғаның құқықтары мен жауапкершіліктері**

**4-бап.** Шәкіртақы тағайындалған тұлға

- a) Оқу үрдісі бойынша Мекемеге бағынышты әрекет етеді;
- b) Оқу үрдісі бойынша қолданыстағы заң, жарғы және регламенттерге бағынуға, Мекеме басшысы тарапынан берілген тапсырмаларды уақытылы және ұқыпты орындауға міндетті;
- c) Оқу үрдісі бойынша оқу орнының, Мекеменің ережелері мен регламент талаптарын орындауға міндетті.

  


**Басқа да талаптар**

**5-бап.** Осы келісімшартқа екі тарап қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

**6-бап.** Осы келісімшартқа енгізілетін өзгерістер, толықтырулар мен қосымшалар екі тараптың жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады.

**7-бап.** Осы келісімшарт «...» ..... ж. екі нұсқа ретінде дайындалды және қол қойылды.

Шәкіртақы тағайындалған тұлға

Өкілетті Кеңес төрағасы



**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕС БАСҚАРМАСЫ**

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫНДА ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ  
МАҚСАТЫНДА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ШӘКІРТАҚЫ КЕЛІСІМШАРТЫ  
(3-ҮЛГІ)**

**Тараптар**

**1-бап.** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасы және ..... арасында төмендегі шарттар бойынша осы келісімшарт жасалды.

Осы келісімшартта аталған ұғымдар төмендегі мағынаны білдіреді:

Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Мекеме: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасы;

Шәкіртақы тағайындалған тұлға: .....

**Келісімшарт тақырыбы**

**2-бап.** Осы келісімшарттың тақырыбы

.....

(аты-жөні)

Мекеме басшылығында мәдениет және өнер саласындағы жұмыстарға қатысуын және білім алуын ынталандыру мақсатында Мекеме тарапынан тағайындалатын шәкіртақы шарттарын реттеу болып табылады.

**Университеттің құқықтары мен жауапкершіліктері**

**3-бап.** Мекеме шәкіртақы тағайындалған тұлғаға Шәкіртақы тағайындау регламентінде көрсетілген мөлшерде шәкіртақы төлейді.

**Шәкіртақы тағайындалған тұлғаның құқықтары мен жауапкершіліктері**

**4-бап.** Шәкіртақы тағайындалған тұлға

a) Оқу үрдісі бойынша Мекемеге бағынышты әрекет етеді;

b) Оқу үрдісі бойынша қолданыстағы заң, жарғы және регламенттерге бағынуға, Мекеме басшысы тарапынан берілген тапсырмаларды уақытылы және дұрыс орындауға міндетті;

c) Оқу үрдісі бойынша оқу орны және Мекеме тарапынан шығарылған ережелер мен регламент талаптарын орындауға міндетті.

**Басқа да талаптар**

**5-бап.** Осы келісімшартқа екі тарап қол қойғаннан кейін күшіне енеді.



**6-бап.** Осы келісімшартқа енгізілетін өзгерістер, толықтырулар мен қосымшалар екі тараптың жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады.

**7-бап.** Осы келісімшарт «...» ..... ж. екі нұсқа ретінде дайындалды және қол қойылды.

Шәкіртақы тағайындалған тұлға

Өкілетті Кеңес төрағасы



**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕС БАСҚАРМАСЫ**

**БАКАЛАВРИАТТАН КЕЙІН ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛУ ҮШІН  
ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ШӘКІРТАҚЫ КЕЛІСІМШАРТЫ  
(4-ҮЛГІ)**

**Тараптар**

**1-бап.** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасы және ..... арасында төмендегі шарттар бойынша осы келісімшарт жасалды.

Осы келісімшартта аталған ұғымдар төмендегі мағынаны білдіреді:

Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті;

Ректорат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің ректораты;

Мекеме: Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасы;

Шәкіртақы тағайындалған тұлға: .....

**Келісімшарттың тақырыбы мен негіздемесі**

**2-бап.** Осы келісім-шарттың тақырыбы ..... шәкіртақы тағайындалған тұлға ретінде .....-де/-да орналасқан ..... жоғары оқу орнында бакалавриаттан кейінгі білім алуын аяқталғаннан кейін, Мекеме тарапынан берілген шәкіртақының өтеуі ретінде шәкіртақылы негізде білім алған мерзім (демалыс күндерін қосқанда) көлемінде университетте мамандық алаңы бойынша міндетті түрде қызмет атқару болып табылады.

Бұл келісімшарт Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасының Шәкіртақы тағайындау регламентінің негізінде дайындалды.

**Университеттің құқықтары мен жауапкершіліктері**

**3-бап.** Мекеме

а) Шәкіртақы тағайындалған студенттің оқу орнына дейін баруын қамтамасыз етеді.

б) Шәкіртақы тағайындалған студентке «Шәкіртақы регламентінде» көрсетілген мөлшерде ай сайын шәкіртақы төлейді.

в) Шәкіртақы тағайындалған студенттің тек қана өзінің жылына бір рет еліне бару-қайту жол шығындарын өтейді. Оқу ақысы, виза, уақытша тіркеуге алу және паспорттық сияқты міндетті шығындарын құжат негізінде төлейді.





d) Шәкіртақы тағайындалған студенттің денсаулық сақтандыру қаражаты төленеді. Бірақ денсаулық сақтандыру стандартты болуы, міндетті денсаулық сақтандырудың жылдық қаражаты айлық шәкіртақының 1,5 мөлшерінен аспауы тиіс.

e) Ректорат білім алуын аяқтаған студентті шетелде қанша мерзім шәкіртақылы негізде білім алған болса (демалыс күндерін қоса), сонша мерзім көлемінде университетте міндетті қызмет атқаруы үшін мамандық алаңында жұмыспен қамтамасыз етеді.

### **Шәкіртақы тағайындалған студенттің құқықтары мен жауапкершілігі**

#### **4-бап. Шәкіртақы тағайындалған студент**

a) Оқу үрдісі мерзімі бойынша тікелей Мекемеге бағынады.

b) Оқу үрдісі мерзімі бойынша қолданыстағы заң, жарғы және регламенттерге бағынатындығын мойындайды және орындайды.

c) Оқу үрдісі мерзімі бойынша оқу орнының және Мекеменің ережелері мен регламент талаптарын орындайды.

d) Оқу үрдісі бойынша әр семестрдің соңында үлгерімін көрсететін кафедрадан тарапынан бекітілген академиялық анықтама немесе ресми құжат пен жұмыс есебін, әр семестрдің басында студенттік анықтамасын Өкілеттік Кеңес Басқармасына өткізеді.

e) Білім алуын табысты аяқтағаннан кейін шетелде қанша мерзім шәкіртақылы негізде білім алған болса (демалыс күндерін қоса), сонша мерзім көлемінде университетте мамандық алаңында міндетті қызмет атқаруын мойындайды және орындайды.

f) Оқу орнын өз мерзімінде бітіре алмаған студенттерге міндетті қызметін атқаруын бастау үшін магистранттарға қосымша 6 (алты) ай шәкіртақылы, әрі 6 (алты) ай шәкіртақысыз жалпы бір жыл, докторанттарға бір жыл шәкіртақылы, әрі бір жыл шәкіртақысыз жалпы екі жыл қосымша уақыт беріледі. Егер берілген қосымша мерзім соңында да оқуын бітіре алмаған жағдайда студент білім алуы үшін жұмсалған қаражаттың барлығын заңды пайызымен бірге бірден әрі нақты немесе белгіленген мерзімдер аралығында теңдей бөлшектерін жүйелі түрде Өкілетті Кеңес Басқармасына қайтаруды мойындайды және орындайды.

g) Университеттегі міндетті қызметіне бастамаса немесе қызмет мерзімі аяқталмай тұрып университеттегі жұмысынан өз еркімен босаған жағдайда, білім алуы үшін жұмсалған қаражаттың барлығын заңды пайызымен бірге бірден әрі нақты немесе белгіленген мерзімдер аралығында теңдей бөлшектерін жүйелі түрде Өкілетті Кеңес Басқармасына қайтаруды мойындайды және орындайды.

h) Шәкіртақы регламентінде көрсетілген себептерге байланысты шәкіртақы тоқтатылған жағдайда білім алуы үшін жұмсалған қаражаттың барлығын заңды пайызымен бірге бірден әрі нақты немесе белгіленген мерзімдер аралығында теңдей бөлшектерін жүйелі түрде Өкілетті Кеңес Басқармасына қайтаруды мойындайды және орындайды.



### **Басқа талаптар**

**5-бап.** Осы келісімшарт тараптар қол қойғаннан кейін өз күшіне енеді.

**6-бап.** Осы келісімшартқа енгізілген өзгерістер, толықтырулар мен қосымшалар екі тараптың жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады.

**7-бап.** Осы келісімшартта көрсетілмеген жайттар білім алған мемлекеттің заңдарына, Түркия Республикасының заңдарына сәйкес қарастырылады.

**8-бап.** Осы келісімшарт баптарынан туындайтын келіспеушіліктер екі тараптың өзара кездесу және келісімдері негізінде шешіледі. Келіспеушіліктер шешілмеген жағдайда, Түркия Республикасының Анкара сот және атқарушы органдарының шешімі қолданылады.

**9-бап.** Осы келісім-шарт .../.../... жылы үш нұсқа болып дайындалды және қол қойылды.

Шәкірт ақы тағайындалған студент

Ректор өкілі      Университет ректоры      Өкілеттік Кеңес төрағасы



## БАКАЛАВРИАТТАН KEЙІН ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛУШЫ СТУДЕНТТІҢ КЕПІЛ ҚОЛ ҚОЯТЫН КЕПІЛДЕМЕ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы «Шәкіртақы регламентіне» сәйкес Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы атынан және есебінен .....-ға бакалавриаттан кейін білім алу үшін жіберілген ..... және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы арасында қол қойылған бакалавриаттан кейін шетелде білім алушы студенттерге шәкіртақы тағайындау келісімшартын оқыдым және толық мойындаймын. Студент келісімшарттағы талаптарды орындамаған жағдайда, оның жауапкершілігін қабылдаймын және мойныма аламын.

Студент келісімшарттағы талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасының аталған студентке білім алу үшін жұмсаған барлық қаражатының ..... АҚШ доллары көлеміндегі мөлшерін заңды пайызы және салығымен қоса толыққанды төлеуді қабылдаймын, негізгі борышты тұлғамен бірге ортақ борышты болғанымды және жауапты кепіл беруші ретінде негізгі борышты тұлға борышын толығымен өтеуге жауапты болғандай жауапкершілікті қабылдаймын. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы келісімшарт талаптарының орындалмағанын жазбаша түрде білдіріп, борыштың өтелуін талап еткенде нотариус арқылы хаттың жіберілуін талап етпей, құқық органдарынан шешім шығарылуын талап етпей және негізгі борышты тұлғаның келісімін алмай-ақ көрсетілген мерзімде созбай бірден төлеуін, егер қарызын бірден өтей алмайтын болсам, қарыздан толық құтылған уақытқа дейін негізгі сомамен бірге заңды пайыздың жүретіндігін қабылдаймын және белгіленген мерзімде уақытылы төлеуге кепілдік беремін. Кепіл беруші ретінде кепілдімеде көрсетілген тұрғылықты мекен-жайымның өзгеруі жағдайында Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасын уақытылы мәлімдейтіндігімді білдіремін, егер мәлім етпеген жағдайымда көрсетілген тұрғылықты мекен-жайыма жіберілген барлық ескертулерді толығымен мойындаймын. Осы мәселеге қатысты және кепілдемеден туындайтын барлық келіспеушіліктерде Түркия Республикасының Анкара сот және атқарушы органдарының шешімі қолданылатындығын мойындаймын.

### КЕПІЛ БЕРУШІ

АТЫ-ЖӨНІ:

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ КУӘЛІК НОМЕРІ:

ТІРКЕЛГЕН ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ҚОРЫ НОМЕРІ:

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

ТЕЛЕФОНЫ:

ҚОЛЫ:

